



15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Ресей тарихына қатысты батыстың
тарихи антропологиялық зерттеулері





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Ресей тарихына қатысты батыстың тарихи антропологиялық зерттеулері
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» оқу құралында қарастырылатын негізгі мәселелердің бірі Ресей тарихына қатысты батыс ғалымдарының, әсіресе американдық зерттеушілердің тарихи антропологиялық зерттеулері. Осы дәрісте негізінен американдық ғалымдардың еңбектерін қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1.Тарихи антропология Ресей тарихы туралы

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Ресейде тарихи антропология 1980 жылы, онда да «импорттық» ғылыми өнім ретінде кеңінен танымалдыққа ие болды. Бұл термин шетел, ең әуелі француз тарихнамасынан көшіріліп алынды. Ресей ғылымының алаңына тап болысымен, ол бірден пәндер арасында қалыптасқан шекараны бұзды, ғылыми мамандықтардың үйреншікті тізімдемесіне күмән тудырды. Қарсы пікірлер тез арада байқалды.

1989 жылы «Вестник АН СССР» басылымында А.Я.Гуревичтің тарихи антропология туралы еңбегімен қатар, академик В.П.Алексеевтің «Не возникает ли путаница?» деген ерекше атаумен мақаласы жарияланды. Гуревич өз мақаласында жазған зерттеушілік бағытты, нақтырақ айтқанда, ментальдық тарихын зерттеуді толықтай қолдай отырып, В.П.Алексеев ол қолданған терминологияға үзілді-кесілді келіспейтінін білдірді. Мәселе сонда, Ұлыбритания мен АҚШ-тан айырмашылығы, Ресейде биология ғылымының адам морфологиясы мен оның шығу тегін зерттейтін саласы дәстүрлі түрде «антропология» деп түсінілетін. Бұл пән туралы арнайы кітап жазған В.П.Алексеевтің пікірінше, тарихи антропология білімнің сол саласына жатады, ал А.Я.Гуревич меңзеп отырған бағытты «тарихи психология» деп атаған дұрысырақ болады.

Шамамен он жылдан кейін, 1998 жылы РМГУ-да өткен конференцияда В.П.Алексеевтің әріптесі М.М.Герасимова да тарихи антропологияны биология пәні ретінде қарастыратын Ресей ғылымы үшін дәстүрлі түсіндірмені қолдады. Оның баяндамасының «Историческая антропология с точки зрения физического антрополога» деген атауы да есте қаларлықтай. Тарихи антропологияның халықаралық маңызының нақты мойындалғаны және айналысатын тақырыбының (физикалық антропология) анықталғаны да анық көрініп тұр. Осылайша, он жыл ішінде пәндер арасындағы шекара белгіленді және аты дәстүрлі емес және ақылға сыймайтын, шақырусыз келген қонаққа Ресей гуманитарлық білім жүйесінен әйтеуір орын табылды.

Ресейлік тарихи антропологияның ерекшеліктері

«Тарихи антропология» деген атаудың «сәтсіз» екені жөнінде ара-арасында мәлімдемелер естіліп қалады және әлдебір авторлар (мәселен, С.И.Григорьев бұл бағыт үшін «жаңа мәдени тарих» атауын лайығырақ көреді өздері сәйкес келеді деп ойлайтын қандай да бір өзге сөзді ұсынады. Мұндай бастамалардың ешқандай салдары болмайтыны түсінікті. Бүгінде бар атаулар сыншылар мен пікір білдірушілерге қаншалықты қызық және орынсыз болып көрінсе де, енді оларды өзгертуге болмайды: олар ғылым тарихына біржола сіңісті. Бұл тақырыптар мен жарлықтар өздігінен емес, антропологиялық бағдардағы тарихтың өзара туыс, бірақ біртекті емес нұсқалары арасындағы нақты айырмашылықтардың көрсеткіші ретінде маңызды. Осы тараудың басында қойылған - ойға анаұрлым қонымды «антропологиялық тарих» деген атау ғылымда неге орнықпады деген сұраққа келсек, оған былай деп жауап беруге болады: өйткені, зерттеушілердің бір де бір тобы бұл терминді өзіне «ту» етіп таңдаған жоқ.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналдар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Ресей тарихына қатысты батыстың тарихи антропологиялық зерттеулері
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, Лекции по философии истории. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.